

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ
МИНИСТРЛІГІ

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМЕЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ

ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ КАФДЕРАСЫ

**Тақырыбы: Құпиялық қағиданы бұзғаны үшін
медицина қызметкерлерінің жауапкершілігі.
Құпиялықтың рұқсат етілген шектеулері.**

Орындаған: Түгелбай Ә.

Тобы: 207 Б ЖМ

Қабылдаған: Азимкулова С.

Жоспары:

- Кіріспе
- Дәрігерлік құпия
- Дәрігерлік қателік
- Дәрігерлік құпияны жария ету
- Қорытынды
- Пайдаланылған әдебиеттер

Кіріспе

- Әрбір пациент жеке құпиясының сақталу құқығына ие, медициналық көмек көрсетуге қатысатын дәрігер, басқа да тең дәрежелі тұлғалар, науқаспен басқаша қарастырылмаған жағдайда, дәрігерлік құпияны пациент өлімінен кейін және де медициналық көмекке жүгіну дерегін сақтауы тиіс
- **5-бөлім**. Азаматтардың денсаулығын сақтау

16-тарау. Денсаулық сақтау саласындағы құқықтар мен міндеттер және оларды қамтамасыз етудің кепілдіктері

Денсаулық сақтау ұйымдары мен мекемелерінде сырқат адамға медициналық көмек көрсететін әрбір дәрігер және орта, кіші буын медицина қызметкері дәрігерлік құпия туралы білу тиіс.

- **95-бап. Дәрігерлік құпия**

- 1. Медициналық көмекке жүгіну фактісі, азаматтың денсаулығының жай-күйі, оның ауруының диагнозы туралы ақпарат пен оны зерттеп-қарау және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер дәрігерлік құпияны құрайды.



- 2. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген жағдайлардан басқа, оқыту, кәсіптік, қызметтік және өзге де міндеттерді орындау кезінде дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтер белгілі болған адамдардың оларды жария етуіне жол берілмейді.

3. Дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді пациенттің немесе оның заңды өкілінің келісімімен пациентті зерттеп-қарау және емдеу мүддесіне орай, ғылыми зерттеулер жүргізу, осы мәліметтерді оқыту процесінде және өзге де мақсаттарға пайдалану үшін басқа жеке және (немесе) заңды тұлғаларға беруге жол беріледі.



4. Дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз беруге мынадай жағдайларда:

1) өзінің жай-күйіне байланысты өз еркін білдіруге қабілетсіз азаматты зерттеп-қарау және емдеу мақсатында;

2) айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулардың таралу қатері болған кезде, оның ішінде қан мен оның компоненттерінің донорлығы кезінде;


3) тергеу немесе сот талқылауын жүргізуге байланысты анықтау және алдын ала тергеу органдарының, прокурордың, адвокаттың және (немесе) соттың сұратуы бойынша;

4) кәмелетке толмаған адамға немесе әрекетке қабілетсіз адамға медициналық көмек көрсету кезінде оның заңды өкілдерін хабардар ету үшін;

5) азаматтың денсаулығына зақым құқыққа қарсы әрекеттер салдарынан келтірілді деп есептеуге негіздер болған кезде жол беріледі.



- 5. Қан мен оның компоненттерінің донорлығына байланысты жағдайлардан басқа, жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес деректерін қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін жеке тұлғалардың (пациенттердің) жеке өміріне қатысты дербес деректерді олардың рұқсатынсыз жинауға және өңдеуге жол берілмейді



- Қан мен оның компоненттерінің донорлығына, сондай-ақ құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік және өзге де органдардың психиканың үнемі бұзылуын, алкогольдік, есірткілік тәуелділікті және тәуелділіктің өзге де түрлерін, агрессия мен зорлық-зомбылық әрекеттерін жасауға бейімділікті қоса алғанда, қоғам үшін қауіпті бұзылу мен аурулардан зардап шегетін адамдардың диспансерлік есепте тұрғаны туралы дәрігерлік құпияны құрайтын электрондық құжат нысанындағы ақпаратты беру жөніндегі сұрау салуларына байланысты жағдайлардан басқа, жеке тұлғалардың (пациенттердің) жеке өміріне қатысты дербес деректерді пайдалану кезінде жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес деректерін қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды олардың рұқсатынсыз басқа дерекқорлармен байланыстыратын телекоммуникациялар желілеріне қосуға жол берілмейді.

Жеке тұлғалардың (пациенттердің) жеке өміріне қатысты дербес деректерді заңсыз жинағаны және өңдегені үшін лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.



- Жеке тұлғалардың (пациенттердің) жеке өміріне қатысты дербес деректерді заңсыз жинағаны және өңдегені үшін лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.



Дәрігерлік қателік

● Медицина тәжірибесінде «дәрігерлік қателік» термині кең таралған. Дәрігерлік қателіктің негізгі критерии болып белгілі объективті жағдайларға байланысты дәрігердің қателесуі жатады, бірақ «дәрігерлік қателік» терминіне профессиональді білімсіздік, салақтық және науқасқа деген салдылық енгізілмейді.



- Дәрігерлік қателіктер үш топқа бөлінеді:
- 1. Диагностикалық қателіктер-ауруды толық немесе нақты анықтай алмау;
- 2. Тактикалық қателіктер- операцияға көрсеткіштерді дұрыс анықтамау, операцияны өткізу уақытын дұрыс таңдай алмау, операция көлемін науқас жағдайына байланысты дұрыс анықтай алмау және т.б.
- 3. Техникалық қателіктер-медицина техникасын дұрыс қолдана білмеу, сәйкес емес медикаменттерді ,диагностикалық дәрілерді қолдану және т.б.



12-тарау. МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР

- **320-бап. Науқасқа көмек көрсетпеу**

- 1. Қазақстан Республикасының заңына сәйкес немесе арнайы қағида бойынша науқасқа көмек көрсетуге міндетті адамның дәлелсіз себептермен оны көрсетпеуі, егер бұл абайсызда науқастың денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан екі жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

- 2. Дәл сол іс-әрекет, егер ол абайсызда науқастың өліміне не оның денсаулығына ауыр зиян келтіруге әкеп соқса, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

● 321-бап. Дәрігерлік құпияны жария ету

- 1. Медицина жұмыскерінің кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз адамның бойында АИТВ/ЖИТС бар екені туралы мәліметтерді хабарлау арқылы пациенттің сырқаты немесе медициналық куәландыру нәтижелері туралы мәліметтерді жария етуі –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не екі жүз қырық сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не жетпіс бес тәулікке дейінгі мерзімге қамаққа алуға жазаланады.

2. Медицина жұмыскерінің кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз пациенттің сырқаты немесе медициналық куәландыру нәтижелері туралы мәліметтерді жария етуі, егер бұл іс-әрекет ауыр зардаптарға әкеп соқса, –

белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып немесе онсыз, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.



29-бап. Дәрігерлік құпия

- 1. Медициналық көмекке жүгіну фактісі, азаматтың денсаулығының жай-күйі, оның ауруының диагнозы туралы ақпарат пен оны тексеру және (немесе) емдеу кезінде алынған өзге де мәліметтер дәрігерлік құпияны құрайды.
- 2. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, оқыту, кәсіптік, қызметтік және өзге де міндеттерді орындау кезінде дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтер белгілі болған адамдардың оларды жария етуіне жол берілмейді.
- 3. Пациентті тексеру мен емдеу мүддесіне орай, ғылыми зерттеулер жүргізу, осы мәліметтерді оқыту процесінде және өзге де мақсаттарға пайдалану үшін дәрігерлік құпияны құрайтын мәліметтерді азаматтың немесе оның заңды өкілінің келісімімен басқа азаматтарға беруге рұқсат етіледі.



HTB

Қорытынды.

Науқаспен дұрыс қарым-қатынас орнатуда деонтологияның бір мәселесі ретінде, дәрігерлік құпияны сақтауды жатқызамыз. Дәрігер науқас жайындағы мәліметті әркезде жария етуге құқығы жоқ. Тек белгілі бір жағдайларда ғана жария ете алады. Бұл науқастың психологиясына, заңды құқтарын қорғау мақсатында жасалған іс шаралар.

Заманауи медициналық практикадағы аса маңызды проблемалардың бірі дәрігерлік қателіктер, олардың анықтамасы мен әдіснамасы болып табылады. Дүниежүзілік статистикаға сәйкес, дәрігерлік қателіктер саны жыл сайын өсіп келеді.

ҚР сот практикасында дәрігерлік қателіктерге байланысты істер көбірек бой көрсете бастады. 2013 жылдың өзінде ғана республикада дәрігерлерге қатысты 400-ден астам қылмыстық іс қозғалды. Қылмыстық жауапкершілікке дәрігерлер, медициналық бикелер тартылды.



Пайдаланылған әдебиеттер.

- 1. Камалиев М.А., Буздаева С.С. Медико-социологическая оценка теневого сектора здравоохранения/ Центрально-Азиатский журнал по общественному здравоохранению. – Алматы, 2005. - № 4. - 51-57.
- 2. Муминов Т.А., Камалиев Т.А. Анализ здравоохранения с позиций социального маркетинга.- Алматы, 2003.- 170 с.
- 3. Отношение населения к своему здоровью и системе здравоохранения: результаты социологического исследования/ под ред. Г.Нокиной, В.Гуревич. – Алматы: «Фонд XXI век», 2002. – 220 с.
- 4. Сагиндыкова А.Н. Конституционно-правовые проблемы охраны здоровья граждан в Республике Казахстан. – Алматы, 1997. – 167 с.